

Р.О.Садықова

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы*

## **Халықаралық лаңкестікке қарсы күрестегі Жапония мен АСЕАН елдерінің ынтымақтастығы**

Мақала Жапония мен АСЕАН ынтымақтастығының халықаралық лаңкестікке қарсы тұру мәселелеріне арналған. Автор бүкіл Тынық мұхит ауданындағы маңызды ұйым болып саналатын АСЕАН-ның Жапониямен көп жақты келісімдік-құқықтық базасын қарастырды. Сондай-ақ екі жақты ынтымақтастықтың лаңкестікке қарсы мақсаттарына байланысты ақиқатты мәліметтерді мысал ретінде келтірген.

*Кілтті сөздер:* Жапония, АСЕАН, ынтымақтастық, Тынық мұхиты ауданы, лаңкестік, одақ, плюралистік демократия, құқық, заң.

XXI ғасыр басында халықаралық қатынастардың жаңа жүйесі тұрақтылық пен қауіпсіздік беріктігіне қатаң сынақтан өтуде. Бір жағынан, Кеңестік блоктың ыдырауымен және Екінші дүниежүзілік соғыстың аяқталуымен құрылған биполярлы жүйенің құлауымен біртекті халықаралық қатынастар жүйесін ұйымдастыру мүмкіндіктері туралы либералды-идеалистік болжамдар ақталмады, жаңа біртекті халықаралық қатынастар жүйесінің негізінде оның барлық қатысушылары үшін ортақ либералды мүдделер және жалпыадамзаттық құндылықтар жату қажет еді, ал олардың арасындағы қарама-қайшылықтардың орын алуы мүмкін емес еді. Екінші жағынан, әлемде жаңа имперлік типтегі халықаралық жүйе қалыптасуда, онда жалғыз супердержава жинақтық қуаты бойынша қалған барлық мемлекеттерден асып түсіп, оларға өз ойын шарттарын тануға тырысуда. Қалыптасушы халықаралық қатынастар жүйесінде бұрынғыдай «менікі» немесе «сенікі» деген тура бөлу шекарасы жоқ [1], одақтастар мен дұшпандар өмір сүрмейді, кіші мемлекеттердің, аймақтық орта және ірі державалардың қимылдары тіпті беймәлім бола түсуде. Әлем сенімі сіздік жолағына және халықаралық лаңкестік іс-әрекеттерімен, ядролық, химиялық, бактериологиялық және тағы басқа қарулардың таралуының жалғасуымен шиеленісе түсудегі өсуші тәуекелдер кезеңіне аттап басуда. Бұрынғы социалистік еуропалық және азиялық мемлекеттердегі батыстық құндылықтардың кең таралуы (мысалы, нарықтық экономика, плюралистік демократия, адам құқықтары, индивидуалды бостандықтар, өмір сапасы) гомогендік деңгейін арттыру арқылы ойлағандай тек жаһандық халықаралық жүйенің тұрақтылығын бекітпей ғана қоймай, керісінше, мәдениеттердің қақтығысуымен, құндылықтардың жоғалуымен, ұлттық дәстүрлердің бұзылуымен туған жаңа қақтығыстарға әкелді.

Осындай жаһандық тұрақсыздықтың өсу шарттарында бүгінгі таңда аймақтық деңгейдегі жаңа халықаралық қатынастар жүйесінің қалыптасу ерекшеліктеріне байланысты туындайтын мәселелер, әсіресе Шығыс Азия аймағындағы күштер тепе-теңдігінің орнау өзгешеліктері өзекті сұрақтарды танытады. Мұнда «қырғи-қабақ соғыс» аяқталуынан кейін дәстүрлі түрде АҚШ, Қытай, Жапония, Ресей сияқты ұлы державалардың мүдделері тоғысады, ал соңғы кезде аймақтық интеграциялық блоктар да маңызды геосаяси ойыншы ретінде белсенділік таныта бастады. Аталған ядролық державалармен қатар, ядролық емес державалардың жаппай қарулану арқылы аймақтағы өз мүдделерін қорғауға тырысуы, аймақтық үстемдікке ұмтылуы Шығыс Азиядағы қауіпсіздіктің әлсірей түсуіне ықпал етуде.

XXI ғасырда әлем мемлекеттері дәстүрлі қауіп көздерінің тізімін жаңа қауіп көзімен, атап айтқанда, халықаралық лаңкестіктің қатерлі салдарымен толтыра түсті. Лаңкестік әлемде жаңа құбылыс болмағанымен, жаңа мыңжылдықта бұрынғыдан да үлкен көлемдерге ие болды, енді лаңкестік топтар тек кіші нысаналарды ғана емес, бейбіт халыққа қарсы бағытталған өмірлік маңызды нысаналарды көздеумен ерекшеленді.

2001 жылы 11 қыркүйекте Аль-Каида ірі халықаралық лаңкестік ұйымы американдық Нью-Йорк, Вашингтон, Пентагонда үлкен ғимараттарды толығымен жойды, сол арқылы мыңдаған адам жанын қиды. Сол арқылы бүкіл дүние жүзін дүр сілкіндірді, дүние жүзі халықтары ешкімнің де, ешқандай қуатты мемлекеттің де, тіпті, әлемдегі жалғыз «супердержава» Америка Құрама Штаттарының да лаңкестік әрекеттерден қорғана алмайтынына көздерін жеткізді. Сондықтан

халықаралық лаңкестік топтарға қарсы күресуде, лаңкестік әрекеттердің алдын алу, болжауда жеке мемлекет көп жетістіктерге жете алмайды, мұндай әрекеттер екіжақты, көпжақты ықпалдастықты қажет етеді, осы мақсатта бүкіл халықаралық қауымдастық өз күш-жігерлерін жұмылдыруға тырысты.

Біріккен Ұлттар Ұйымы, «Сегіздік» тобы (G8) және тағы басқа көпжақты келісімдер, Оңтүстік-Шығыс Азия ұлттарының қауымдастығы, Азия-Тынық мұхиты ынтымақтастығы ұйымы, Азия-Еуропа кездесулері сияқты халықаралық, аймақтық жүйелер, сондай-ақ екіжақты ынтымақтастық механизмдері халықаралық лаңкестікке қарсы тұруды басты міндет ретінде алға қойды.

Соның ішінде Оңтүстік-Шығыс Азия аймағы мемлекеттері біртұтас интеграциялық ұйым ретінде әрі Шығыс Азиядағы Америка Құрама Штаттарының стратегиялық әріптесі ретінде халықаралық лаңкестікке қарсы күресте американдық үкіметке өзінің жан-жақты қолдауын көрсетті. 2001 жылы қарашада өткен АСЕАН мемлекет басшыларының Брунейдегі кездесуінде халықаралық лаңкестік топтардың іс-әрекеттерін қатты сынға алып, американдық қыркүйек оқиғаларынан зардап шеккен отбасыларына өз көңілдерін білдірді және лаңкестікке қарсы күресте АСЕАН елдерінің барлық механизмдерін белсендендіру туралы декларация жариялады.

АСЕАН-ға мүше-мемлекеттері халықаралық лаңкестікке қарсы күресте белсенді шараларды іске асыруға мәжбүр, себебі Оңтүстік-Шығыс Азия аймағы осы күрестегі «екінші майдан» болып табылады.

Оңтүстік-Шығыс Азия аймағында әлемдегі ірі лаңкестік ұйым Аль-Каидадан кейінгі екінші топ Джаама-Исламия аймақтық ұяшық шоғырланған. Джаама-Исламия — жан-жақты ұйымдастырылған, түрлі салалар бойынша жақсы қамтамасыз етілген, Аль-Каидамен тікелей байланысты аймақтық ұйым, негізгі ошағы Индонезияда шоғырлана отырып, бұл лаңкестік топ бүкіл Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінде бөлімшелері арқылы байланысқан, сонымен қатар аймақта тағы да басқа лаңкестік ұйымдар, атап айтқанда, Ласкар Джихад, филиппиндік Әбу-Саяф, малайзиялық топтар қызмет етеді [2; 28–34].

Джаама-Исламия және оның бөлімшелері арқылы 2002–2003 жж. Оңтүстік-Шығыс Азия Нью-Йорктік сауда орталығынан кейінгі ірі лаңкестік оқиғалар индонезиялық Бали аралында «Сари» түнгі клубында және Индонезия астанасы Джакартада «Боил-Мариотт» қонақ үйінде орын алды, осындай лаңкестік жауыздық әрекеттер нәтижесінде жалпы 202 адамның өмірі қиылды [3].

Оңтүстік-Шығыс Азияның халықаралық лаңкестік топтарының ірі ошақтарының біріне айналуы бұл аймақтың халықаралық лаңкестікке қарсы күрестегі де ірі ошақтардың біріне айналуын қажет етті. Осы бағытта 2002 ж. 3 қарашада өткен АСЕАН саммитінде лаңкестік бойынша Пномпень декларациясы қабылданды. Декларацияда аймақтағы халықаралық лаңкестік топтарға қарсы күресте АСЕАН мүшелерінің жеке және ұжымдық күш-жігерлерін біріктіретіндігін, қауымдастық мүше-мемлекеттері лаңкестікпен күресті іске асыру барысында келесі шараларды ұйымдастыратынын жариялады:

- Лаңкестікке қарсы туризмді және қалпына келтіру бойынша Манила халықаралық конференция (Манила, желтоқсан, 2002);
- Заңсыз ақша айналымына және лаңкестік топтарды қаржыландыруға қарсы аймақтық конференция (Бали, желтоқсан, 2002);
- АСЕАН Аймақтық форумының лаңкестік бойынша сессияаралық кездесу (Кота Кинабалу, Сабах, наурыз, 2003);
- АСЕАН Министрлерінің Қытай, Жапония, Корея Республикасы министрлік әріптестерімен трансұлттық қылмыскерлік бойынша кездесу (Бангкок, қазан, 2003);
- Аймақтық лаңкестікке қарсы күрес орталығы (Куала-Лумпур, қараша, 2002) [4].

Сонымен қатар Декларацияда АСЕАН елдерінің халықаралық лаңкестікпен күресте халықаралық қауымдастық пен аймақтық әріптестерін бірігіп қимылдауға шақырулары да орын алды. Келесі кезеңде Оңтүстік-Шығыс Азия ұлттарының Қауымдастығы Шығыс-Азиялық серіктестерімен және тағы да басқа әріптестерімен халықаралық лаңкестікке қарсы бірлесе күресу бойынша құжаттарды қабылдады.

АСЕАН елдерінің маңызды серіктесі әрі жанашыры ретінде Жапония алғашқылардың бірі болып көмек қолын созды.

2004 жылы 13 қарашада Жапония-АСЕАН саммитінде «Халықаралық лаңкестікке қарсы күрестегі ынтымақтастық бойынша АСЕАН-Жапония Бірлескен декларациясына» қол қойды. Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінің Қауымдастығы мен Жапония арасындағы қауіпсіздік, құпиялылық және құқықты сақтау салаларындағы кең ынтымақтастығын трансұлттық қылмыскерлік бойынша

АСЕАН Министрлері кездесулері арқылы лаңкестікке қарсы күреске таратуды қолдай отырып, АСЕАН-дық және жапондық басшылық аймақтағы қауіпсіздікті сақтау мақсатында өзара ықпалдастықты іске асыруды шешті. Құжатта Токио мен Қауымдастықтың лаңкестікке қарсы ынтымақтастығының мақсаттары, ынтымақтастық шекаралары мен аумағы, қатысу, ақпарат құпиялылығы мен іске асыру жолдары қамтылды [5].

Халықаралық лаңкестікке қарсы күресте АСЕАН мен Токио ынтымақтастығы БҰҰ-ның лаңкестікке қарсы резолюциялары мен шешімдері шеңберінде, ақпаратпен алмасу, кедендік бақылауды күшейту, заңсыз ақша айналымдарын бақылау мен ондай іс-әрекеттерді болдырмау саларында жүргізілетіндігі мақұлданды.

Жапония-АСЕАН лаңкестікке қарсы ынтымақтастығы алғашқы кезеңде айтарлықтай белсенділігімен ерекшелінген жоқ, жапондық ықпалдастық дәстүрлі түрде ақша бөлу арқылы, қаржыландыру арқылы сипатталды.

Халықаралық лаңкестікке күрестің келесі кезеңі ретінде 2006 жылдан бастап Лаңкестік бойынша Жапония-АСЕАН диалогының ұйымдастырылуын айтуға болады. Бұл шешім 2005 жылы қарашада Куала-Лумпурде өткен Жапония-АСЕАН саммитінде қабылданды, осында Токио басшылығы лаңкестікке қарсы диалогты өткізу туралы ұсыныс жасады [6].

2006 жылы 28–29 маусым аралығында Токиода лаңкестікке қарсы күресу АСЕАН-дық — жапондық алғашқы диалог өткізілді. Диалог лауазымды тұлғалардың қатысуымен орындалып, ашық талқылаулар мен кеңесу орнына айналды. Халықаралық лаңкестікке қарсы күрестегі келесі салалар

- транспорттық бақылау;
- шекаралық бақылау/иммиграция;
- заңды сақтау;
- теңіз қауіпсіздігі;
- лаңкестікке қарсы күрестегі қоғам ролі;
- құқықтық қатынастардағы ұсыныстар бойынша жүргізілген жұмыстар туралы есептер көрсетілді, сол арқылы алдағы мақсаттар, қажетті шаралар анықталды [7].

Халықаралық лаңкестік іс-әрекеттерін алдын алу, болжау, ондай әрекеттердің салдарымен күресудегі Жапония Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінің қауымдастығынан ынтымақтастығының бірден-бір ерекшелігі ретінде түрлі құжаттарды қабылдаумен қатар, олардың іске асырылуын жіті бақылап отыруын айтуға болады, 2006 жылы қаңтарда Жапония Сыртқы істер министрі Киохико Тояманың ел парламентіне тапсырған есебінде халықаралық лаңкестікке қарсы күресудегі АСЕАН елдерімен ықпалдастық шаралары айтылды: «Саяси күш-жігерді» күшейту үшін қабылданған конвенциялар мен хаттамаларды ратификациялау үрдістерін жеделдету өте маңызды болып табылады. Осы бағытта АСЕАН басшылары мен премьер-министр Д. Коидзумидің 2004 ж. қарашада бірінші кезектегі мәселе ретінде 12 конвенция мен хаттамаларды ратификациялағанына назар аударған дұрыс болар.

Бұл мәселеден басқа, лаңкестікке қарсы күресті қаржыландыру үшін Жапония кабинеті Ресми даму көмегі бағдарламаларының шеңберін кеңейтті, бағдарламалар келесі салаларда жүргізілуде:

- 1) полициялық және құқықтық мәжбүрлеу;
- 2) айлақтық және теңіз қауіпсіздігі;
- 3) әуе қауіпсіздігі;
- 4) иммиграция;
- 5) лаңкестікті қаржыландыруға қарсы шаралар;
- 6) химиялық, биологиялық, радиоактивті және ядролық лаңкестікке қарсы күрес;
- 7) кеден;
- 8) экспорттық бақылау» [8].

Жоғарыда көрсетілген жапондық министр орынбасарының есебінен Жапония мен АСЕАН халықаралық лаңкестікке қарсы ынтымақтастығы қауымдастықтың АҚШ-пен ықпалдастығынан мүлдем өзгеше екендігін байқауға болады, яғни американдық әскерлер Оңтүстік-Шығыс Азия аймағындағы лаңкестік топтарды ұстауға, қарулы операциялар өткізуге тікелей араласқан болса, жапондық әскерлер мен эксперттер ондай қызмет шараларға атсалыса алмайды, оның себебі жапондық конституция баптарында жатыр, дегенмен, жапондық көмектің АСЕАН елдері үшін мәні зор. Ең алдымен, жапондық қаржылық көмекті шешуші ресурс ретінде қарастыруға болады, 2006 ж. халықаралық лаңкестікке қарсы күрес бойынша Жапония-АСЕАН қоры ұйымдастырылды, қордағы алғашқы жапондық үлес 7,5 млрд. иенге (немесе 70 млн. АҚШ долл.) тең келеді [9].

Халықаралық лаңкестікпен күрестегі жапондық көмек жобасы лаңкестікке қарсы және қауіпсіздікті күшейтуге көмек көрсету бойынша бөлінген қаржы көлемі келесі көрсеткіштермен сипатталады: қаржылық жыл көрсеткіштерімен 2006 ж. — 62 млн. АҚШ долл., 2007 ж. — 65 млн. АҚШ долл. бөлінді [10].

Осы бағдарлама негізінде Индонезияға жіберілетін көмек көлемін ұлғайту шешілді, 2006 ж. шілдеде 17,24 млн. АҚШ долл. көлеміндегі сома «Қарақшылық, теңіз лаңкестігі және таратуға қарсы кемелер құрылысы» жобасына бөлінді.

2006 жылы тамызда Лаңкестікке қарсы және көмек көрсету бағдарламасы бойынша Камбоджаға да жіберілетін қаржы көлемі ұлғайды, нәтижесінде Камбоджаның басты халықаралық айлақтарындағы қауіпсіздік шараларын нығайтуға және құрал-жабдықтармен қамтамсыз ету жобасына 9,27 млн. АҚШ долл. бөлінді.

2007 жылы маусымда филиппиндік Теңіздік қорғаныс және қауіпсіздік жобасы шеңберінде жапондық үкімет тарабынан 8 млн. АҚШ долл. жұмсалды [11].

Сондай-ақ жапондық салымдар мен Ресми даму көмегі қаржы ресурстарының көлемінің қаншалықты мөлшерде өссе, соншалықты деңгейде қоғамдық инфрақұрылымды жақсарту, әлеуметтік салаларға бағытталған жобалар мен шаралар саны өсті, оның ішінде дамушы елдердегі экономикалық және білім реформаларын іске асырудағы ықпалдастық; қақтығыстардың бейбіт жолмен шешілуі және бейбітшілікті нығайту; тұрақты даму және кедейлікті жою; өркениеттер арасындағы диалогты алға жылжытуға және кеңейтуге көмек мақсаттарындағы жапондық күш-жігерлерді ерекше бөліп көрсетуге болады [12].

Жапондық ықпалдастықтың, ең алдымен, қауіпсіздік және қорғаныс салаларында емес, әлеуметтік, ғылым-білім, мәдени салаларда іске асырылуы лаңкестіктің алдын алу, себептерін түсінуге бағытталғандығымен айқындауға болады. Аналитикалық орталықтардың мәліметтері бойынша, Оңтүстік-Шығыс Азия елдеріндегі халықаралық лаңкестіктің кең таралуы, лаңкестік топтар санының көптеп өсуі, арандатушылардың халық арасында қолдауға ие болуы себептері әлеуметтік теңсіздік, халықтың тұрмысының нашарлығы, әлеуметтік наразылықтардың туында жатыр, лаңкестік тенденциялар, әсіресе осындай әлсіз қоғамда тез дамиды, өйткені әлеуметтік-экономикалық қиындықтар лаңкестердің насихаттау мүмкіндіктерін жеңілдеті түседі.

Сонымен қатар халықаралық лаңкестікке қарсы күрестегі жапондық-АСЕАН-дық ынтымақтастық халықаралық қылмыскерлікпен, атап айтқанда, қарақшылық қауіпі, ақшаның заңсыз айналуы, қару-жарақ айналымы, есірткі мен адамдар саудасын жою күресімен тығыз байланысты. Бұдан халықаралық лаңкестік қауіпі ұлттық, аймақтық, дүниежүзілік қауіпсіздік жүйесінің барлық салаларын қамтитынын байқауға болады, сәйкесінше, мұндай қауіп көздерімен күрес екіжақты қарым-қатынастардың барлық тақырыптарын көтеретіндігін айту қажет.

Сонымен, 2004 жылы АСЕАН мен Жапония арасындағы халықаралық лаңкестікке қарсы декларацияның қабылдануынан кейінгі кезеңдегі ынтымақтастықты барынша жемісті деп бағалауға болады.

Халықаралық лаңкестікпен күрестегі Жапонияның Оңтүстік-Шығыс Азиядағы ықпалдастық ролі төмендегі салаларда іске асырылды:

1. Иммиграция — иммиграциялық бақылау бойынша семинар; құжаттық тексеру бойынша семинар; иммиграциялық бақылау органдарындағы тәжірибелік дәрістер; куәліктік саясат бойынша азиялық орталық; Таиландтық иммиграциялық бақылауды жақсарту бойынша көмек жобасы (семинар және құжаттық тексеру бойынша сарапшылардың жіберілуі).
2. Әуе қауіпсіздігі — индонезиялық айлақтарды және басқа да әуежайларды қажетті құрал-жабдықтармен (рентген, детектор және т.б.) қамтамсыз ету; әуе қауіпсіздігі бойынша семинар; Индонезиядағы басты әуежайлар қауіпсіздігі жүйесін күшейту бойынша зерттеулер.
3. Айлақтар және теңіз қауіпсіздігі — Индонезиядағы айлақтар құрылысы және олардың қауіпсіздігін сақтау құрал-жабдықтарымен қамтамсыз етілуі; Камбоджа айлақтарының қауіпсіздік дайындықтарының күшейтілуі, теңіз қауіпсіздігін сақтау бойынша ААФ (ASEAN Regional Forum) орталығы; теңіздегі заңнамалық жүйені нығайту бойынша тәжірибелік дәрістер; Филиппиныдағы жағалауды қорғау, адам ресурстарын дамыту бағдарламасы (эксперттерді жіберу және оқыту курстары); Малайзияны қорғау және қорғаныс эксперттерін жіберу; Индонезия мен Филиппиныға теңіз қауіпсіздігін нығайту бойынша эксперттер қызметі; Жапондық жағалау қорғанысы академиясына жаттығушыларды қабылдау; азиялық жағалау қорғанысы органдары басшыларының кездесуі; айлақтық қауіпсіздік бойынша

- семинарлар және эксперттерді жіберу; АСЕАН-Жапония айлақ қауіпсіздігі эксперттерінің кездесуі; Айлақ қауіпсіздігі бойынша АСЕАН-Жапония іс-әрекет ету жоспары; Айлақтық қауіпсіздік бойынша жаттығулар өткізу туралы АСЕАН-Жапония Бірлескен декларациясы.
4. Кеден — Кедендік әкімшіліктің қызмет сапасын жоғарылату бойынша оқыту курстары; басқаруды нығайту бойынша оқыту курстары; контрабандаға қарсы оқыту курстары; кедендік қызмет көрсету сапасының дамуы бойынша жылдық қорытынды есептерін беру.
  5. Экспорттық бақылау және ядролық қаруды таратпау — теңіздік қауіпсіздік тақырыбындағы азиялық ядролық қаруды таратпау семинары; Азия лауазымды тұлғаларының ядролық қаруды таратпау келіссөздері: АSTOP; Азиядағы экспорттық бақылауды іске асыру сапасын жоғарылату бойынша оқыту курстары; азиялық экспорттық бақылау семинары (Токио); Азия елдеріндегі экспорттық бақылау бойынша семинарлар.
  6. Полиция және заңнамалық жүйені күшейту — халықаралық лаңкестікті зерттеу бойынша талқылаулар; полиция офицерлеріне арналған семинарлар; қылмыстық зерттеу бойынша семинар; полициялық ақпараттармен алмасу бойынша семинарлар; Индонезиядағы азаматтық полиция өкілдерінің қызметін нығайту (эксперттерді жіберу және үйренушілерді қабылдау); Индонезиядағы азаматтық полиция мүмкіндіктерін кеңейту жобасы (2004 ж. 518 млн. иен бөлінді); филиппиндік ұлттық полицияның ғылыми-зерттеу мүмкіндіктерін кеңейту мақсатындағы эксперттердің жіберілуі.
  7. Лаңкестікті қаржыландыруға қарсы күресу — лаңкестікке қарсы халықаралық конвенциялардың қабылдануын кеңейту бойынша семинарлар; Азия даму банкі ұсынысымен аймақтық сауда және қаржылық қауіпсіздік қоры ынтымақтастық шеңберіндегі жапондық үлес (1млн. долл.).
  8. Химиялық, бактериологиялық, радиоактивті және ядролық лаңкестікке қарсы күрес — 2004, 2005, 2006 жж. Малайзиядағы Оңтүстік-Шығыс Азиядағы лаңкестікке қарсы орталықпен бірге химиялық /биологиялық лаңкестіктің алдын алу және жою семинарлары. 2006 жылы семинар Токиода өткізілді.
  9. Лаңкестікке қарсы халықаралық конвенциялар мен хаттамалар — «Лаңкестікке қарсы заңды режимді күшейту» бойынша семинарлар; Индонезиядағы лаңкестікке қарсы күреске жапондық қаржылық көмек:
    - 30,000 АҚШ долл. (2005);
    - 50,000 АҚШ долл. (2006);
    - 46,000 АҚШ долл. (2007) [13].

Оңтүстік-Шығыс Азиядағы халықаралық лаңкестік әлемнің басқа бөліктеріндегі лаңкестік құбылыстармен салыстырғанда қауіптілігі жағынан еш кем түспейді. Мұнда ең жоғарғы мақсаттар алға қойылған және оны іске асыруда барынша қауіпті құралдар қолдануда. Аймақтағы тіркелген ірі лаңкестік топтар басты мақсаты ретінде қазіргі Индонезия, Малайзия, Филиппины, одан кең қарастырғанда Папуа-Жаңа Гвинея аумағында мұсылмандық мемлекет құруды көздейді [2; 9–12]. Бұл тек Джама-Исламия тобының ғана мақсаты, ал қалған лаңкестік ұяшықтардың қандай мақсаттарды көздейтіні беймәлім. Сондықтан аймақ мемлекеттерінің халықаралық лаңкестікпен күресте Шығыс Азия және әлем мемлекеттеріне дабыл қағуы орынды. Осы орайдағы жапондық-АСЕАН-дық ынтымақтастығы өміршеңдігін көрсетуде, алғашқы «Жапония мен АСЕАН елдерінің лаңкестікке қарсы ынтымақтастық декларациясына» қол қойылғаннан бергі кезеңде көптеген келісімдер, конвенциялар қабылданды және ратификацияланды, көптеген жобалар іске асырылды, мұндай шаралардың барлығы лаңкестікпен қарсы күресудегі барлық тіректердің қызмет етуін, барлық мүмкіндіктердің қолдануына ықпал етті. Негізінен Жапония мен АСЕАН елдерінің ынтымақтастығының сәттілігі олардың сан-саланы қамтуында деуге толық негіз бар. Жапония мен АСЕАН-ға мүше-мемлекеттердің қарым-қатынастары екіжақты «АСЕАН-Жапония» диалогы деңгейінде және көпжақты сипатта «АСЕАН+3» пен Шығыс–Азиялық қауымдастық шеңберінде дамуда. 1977 жылы құрылған «АСЕАН-Жапония» диалогтары форумдарының қызметі саяси мәселелермен қатар, көптеген экономикалық мәселелер де шешуге бағытталған. Мәселен, «АСЕАН-Жапония» диалогы шеңберінде Ассоциацияның осы мемлекетпен сауда дефициттері, Жапониядағы АСЕАН-нан келетін бірқатар тауарлардың импортына қойылған шектеулер, жапондық қаржы көмегін Ассоциацияға мүше-мемлекеттер арасында бөлісу сияқты мәселелер талқыланады. Сондай-ақ «АСЕАН+3» шеңберіндегі байланыстар 1997–1998 жылғы азиялық қаржы дағдарысынан кейін АСЕАН-ға мүше-мемлекеттердің Жапония, Оңтүстік Корея және Жапониямен мемлекет басшылары

және үкіметаралық деңгейде тұрақты кездесулерді өткізу бастамасынан бастау алды. Осы уақыттан бастап «АСЕАН+3» форумы негізінде келесі деңгейдегі жыл сайынғы кездесулер өткізіліп тұрады: АСЕАН+3 мемлекеттің үкімет басшылары кездесулері, тараптардың сыртқы істер министрлері, сауда мен инвестиция министрлері арасындағы кездесулер. Бұл кездесулер АСЕАН-ның Жапония, Қытай және Оңтүстік Кореямен экономикалық байланыстарды дамыта отырып, аймақтық деңгейде интеграциялануына мүмкіндік береді.

Сонымен қатар «АСЕАН+3» шеңберінде Қытай мен Жапония арасында аймақтағы экономикалық жетекшілікке қатысты бәсекелестік те орын алуда. Қытай мен Жапония екіжақты деңгейде Оңтүстік-Шығыс Азия мемлекеттерімен экономикалық байланыстарды кеңейту жолдарын іздестіруде. Соған дәлел Жапония мен Қытайдың АСЕАН елдерімен еркін сауда аймақтарын құру туралы келісімдерге келуі. Яғни 2002 жылдың қарашасында Қытай мен АСЕАН-ға мүше-мемлекеттердің басшылары Қытай мен АСЕАН арасындағы жан-жақты экономикалық ынтымақтастық туралы келісімге қол қойды. Бұл келісімнің негізгі мәнісі тараптардың арасындағы еркін сауда аймағын құру болып табылады. Келісім бойынша оның құрылуы 2010 жылы аяқталуы тиіс. Осы құжаттың қол қоюылуы нәтижесінде АСЕАН мен Қытай арасындағы екіжақты сауда айналымының өсіп, азиялық нарықтағы жетекші ұстанымдарға ие болуына ықпал етті. Қазіргі таңда Қытай АСЕАН елдерімен экономикалық салада төртінші орындағы әріптес мәртебесіне ие, алайда Қытайдың экономикалық өсуінің жалғасуы жағдайындағы оның АСЕАН-мен сауда байланыстарында алдыңғы үштіктің қатарына қосылатындығы туралы болжамдар да пайда болуда. Жапония да Қытайдан қалыспай, аймақтағы экономикалық жетекшілікті сақтау мақсатында АСЕАН-ға мүше-мемлекеттермен екіжақты деңгейде еркін сауда аймағын құруды ұсынуда. Мәселен, 2002 ж. қаңтардағы бұрынғы жапон премьер-министрі Дз. Коидзумидің іспары нәтижесінде Сингапур мен Жапонияның арасында еркін сауда аймағын құру туралы келісімге қол қойылды. Сондай-ақ Жапония Сингапурден өзге АСЕАН-дық мемлекеттермен 2003 ж. «Жаңа ғасырдағы Жапония мен АСЕАН әріптестігін жалғастыру бойынша Токио декларациясына» қосылуы арқылы экономикалық қарым-қатынастарын нығайтуға тырысып отыр. Яғни, Жапония Қытаймен қатар, АСЕАН мемлекеттерімен экономикалық байланыстарды дамытуда бәсекелестікке түсіп отыр. Атап өтерлігі, «АСЕАН+3» форумының құрылуының өзі де Жапонияның аймақтық интеграциялық үрдіске қосылу ниетін ғана танытпайды, екінші жағынан, Жапонияның Қытайды тежеу арқылы аймақтық арасалмақты сақтауға деген ұмтылысын да байқатады. Яғни Жапония Шығыс Азиядағы Қытай факторын тежеуші құрал ретінде «АСЕАН+3» саммитін пайдаланады. Осы бағытта Жапонияның жүргізіп жатқан сыртқы саясаты ерекше белсенді. 2005 жылы Куала-Лумпурде өткен «АСЕАН+3» саммитіне Ресей, Австралия, Жаңа Зеландия, Үндістанның шақырылуын Жапонияның Қытай қарқынын тежеудегі дипломатиялық жеңісі деп айтуға болады. Жапонияның Қытайды тежеуге деген ұмтылысы 2005 ж. құрылған Шығыс–Азиялық қауымдастық шеңберінде де назарға алынып отыр. Бұл ұйым 2005 ж. 14 желтоқсандағы Куала-Лумпурдегі АСЕАН-ға мүше 10 мемлекет және Қытай, Жапония, Корея Республикасы, Үндістан, Австралия, Жаңа Зеландияның қатысуымен құрылды. АҚШ саммитке қатысудан бас тартты, себебі қатысушы-мемлекеттер аймақта әскери күштерді қолданбауды қарастыратын достық және ынтымақтастық туралы келісімге қол қоймады. Ресейлік сарапшылардың пікірінше, «АСЕАН+3» саммитін Шығыс–Азиялық қауымдастығына үлкейтудегі АСЕАН мақсаты Қытайдың экономикасын басқа Шығыс–Азиялық елдер экономикасымен араластыру арқылы оның үстемдік ұстанымдарын тежеумен түсіндіріледі. АСЕАН мен Жапонияның мұндай саясаты олардың стратегиялық серіктестері АҚШ-тың да көңілінен шығуда. Себебі осы саясат АҚШ пен Жапонияның Қытайды «қатыстыру саясатының» құрамдас бөлігі болып табылмақ, яғни ол бойынша Жапония Қытаймен бірге интеграциялық бірлестікте әрекеттесе отырып, сонымен қатар бір уақытта басымдыққа ие болуына кедергі болуға тырысып бағуда. Осылайша Жапония мен АСЕАН-ның экономикалық байланыстарын дамытудағы негізгі институционалдық механизмдердің қызметін «АСЕАН — Жапония» диалогы», «АСЕАН+3» форумы мен Шығыс–Азиялық қауымдастық атқаруда. Ал осы механизмдердің негізіндегі Жапония мен АСЕАН-ның экономикалық қарым-қатынастары келесі бағыттар бойынша дамуда: сауда мен инвестициялар бойынша, ресми даму көмегі негізінде.

Жапония АСЕАН-ның АҚШ-тан кейінгі ірі сауда әріптесі болып отыр. 1991–1996 жж. АСЕАН мен Жапонияның жалпы сауда айналымы 683, 226 млн. долл. құрап, Ассоциацияның жалпы сыртқы саудасында жапондық үлес 6,7%-ды көрсеткен, ал 1993–2001 жж. арасында Жапониямен сауда 15%-ға дейін жетті. 2001 жылы АСЕАН елдерінің жалпы экспортындағы Жапонияның үлесі 16%-ды құраса, импортында 16%-ға тең болды. 2001 жылғы мәліметтер бойынша, Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінің

қауымдастығы аймағына кеткен Жапонияның тікелей инвестиция көлемі 18%-ды құрады, яғни АСЕАН сияқты интеграциялық топ пен Токионың өзара тәуелді жүйе екендігін байқауға болады. Жапон инвестициялары негізінде біріккен бірқатар жобалар жүзеге асырылуда. Мәселен, 1993 жылғы жапондық «JETRO-ның инвестиция бойынша Ақ кітабының» мәліметтеріне сәйкес, 1991–1992 жж. аралығында өнеркәсіптік ынтымақтастық саласында Жапония мен АСЕАН елдері бірлесе отырып, 215 жобаны іске асырған. Жобалар келесі салаларға жіктеледі: көлік құрылысы, автомобиль, электроника және электрондық жабдықтар, тоқыма. Аталған секторлар Жапония мен АСЕАН-ның ғылыми-технологиялық жетістіктерімен алмасу, ноу-хау, лицензиялар, тәжірибелерімен алмасуы үшін өндірістік ынтымақтастық саласындағы маңызды жаңалыққа айналды. Жапонияның АСЕАН аймағындағы ғылыми-технологиялық салаларындағы инвестициялары Жапонияның барлық инвестицияларының 64 %-ын құрады. Ассоциация мүшелері аумағындағы жапондық инвестициялардың көп болуы, ең алдымен, АСЕАН-дық мемлекеттердің табиғи қорларға бай болуымен, жұмысшы күшінің арзандығымен, аймақтық нарықтың сыйымдылығымен, сауда қарама-қайшылықтарының жоқтығымен, технологиялық қамтамасыз етумен және жергілікті үкіметтердің тікелей қолдауының барлығымен түсіндіріледі.

Осы көрсетілген мәліметтердің өзі Жапония мен АСЕАН-ның ынтымақтастығы халықаралық лаңкестік сияқты қауіппен күрес қатар, тараптардың экономикалық дамуы үшін де тиімді екендігін көрсетеді. Сол себепті Жапония мен АСЕАН-ның ортақ экономикалық мүдделері болуының өзі олардың Азия-Тынық мұхиты аймағындағы қауіпсіздікті сақтауға да ниеттестігін артыра түседі. Әсіресе лаңкестік сияқты қауіппен күресте тараптардың арасындағы ынтымақтастықтың арта түсетіндігі даусыз.

#### Әдебиеттер тізімі

- 1 Крупянко М.И., Арешидзе Л.Г. Новая расстановка сил в Восточной Азии: значение для интересов безопасности России // Восток. — 2003. — № 6. — С. 80–88.
- 2 Гусев М. «Джаама-Исламия» — собрат Аль-Каиды в ЮВА // Азия и Африка сегодня. — 2004. — № 1.
- 3 Другов А. Кому на руку теракт на Бали // Азия и Африка сегодня. — 2003. — № 2. — С. 17.
- 4 ASEAN-Japan relations // [www.aseansec.org/15258.htm](http://www.aseansec.org/15258.htm)
- 5 Japan-ASEAN relations // [www.mofa.go.jp/region/asia-paci/asean/pmv0411/joint.html](http://www.mofa.go.jp/region/asia-paci/asean/pmv0411/joint.html)
- 6 ASEAN-Japan relations // [www.aseansec.org/67514.htm](http://www.aseansec.org/67514.htm)
- 7 ASEAN-Japan relations // [www.mofa.go.jp/region/asia-paci/asean/dialogue/summary0606](http://www.mofa.go.jp/region/asia-paci/asean/dialogue/summary0606).
- 8 Japan's foreign policy // [www.mofa.go.jp/policy/terrorism/index.htm](http://www.mofa.go.jp/policy/terrorism/index.htm)
- 9 ASEAN-Japan relations // [www.mofa.go.jp/policy/region/asia-paci/asean7601.htm](http://www.mofa.go.jp/policy/region/asia-paci/asean7601.htm)
- 10 Japan's foreign policy // [www.mofa.go.jp/policy/terrorism/coop0710.htm](http://www.mofa.go.jp/policy/terrorism/coop0710.htm)
- 11 Abuza Z. Funding terrorism in Southeast Asia: The financial network of Al
- 12 Qaeda Jemaah Islamyah // [www.nbr.org/publications/chapter.aspx?ID=337](http://www.nbr.org/publications/chapter.aspx?ID=337)
- 13 Japan's foreign policy // [www.mofa.go.jp/policy/terrorism/coop0170.htm](http://www.mofa.go.jp/policy/terrorism/coop0170.htm)
- 14 Japan's foreign policy // [www.mofa.go.jp/policy/terrorism/assist0710.html](http://www.mofa.go.jp/policy/terrorism/assist0710.html)

Р.О.Садыкова

### **Сотрудничество Японии и стран АСЕАН в сфере противодействия международному терроризму**

Данная статья посвящена проблеме сотрудничества Японии и АСЕАН в сфере противодействия международному терроризму. Автор рассматривает основную договорно-правовую базу многостороннего сотрудничества Японии и такой значимой организации в Азиатско-Тихоокеанском регионе, как АСЕАН. Также в статье приведены необходимые фактологические данные по сотрудничеству двух сторон в целях противодействия терроризму.

R.O.Sadykova

### **The commonwealth of Japan and countries of ASEAN in the struggle against international terrorism**

This article is devoted to the problem of Japan and ASEAN cooperation in the sphere of countering the terrorism. The author considered the main legal basis of the multilateral cooperation of Japan with such important organization of Asian-Pacific region as ASEAN. Also the basic facts of cooperation between the two sides in the countering terrorism were analyzed in the article.